

Алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 наурыздағы N 325 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 5 маусымда Астана қаласында жасалған Алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ *

**(2001 жылғы 2 сәуірден бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 10, 60-құжат)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Әзірбайжан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Армения Республикасының Ішкі Істер және ұлттық қауіпсіздік министрлігі, Беларусь Республикасының, Грузияның, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Молдова Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының, Түркменстанның, Өзбекстан Республикасының, Украинаның ішкі істер министрліктері,

алкогольдік өнімнің заңсыз айналымы және алкогольді теріс пайдалану қылмысқа қарсы күрестің жалпы жағдайына және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге кері ықпал ететінін, сондай-ақ азаматтардың денсаулығына елеулі қатер төндіретінін сезіне отырып,

алкогольдік өнімнің заңсыз айналымының жолын кесу мақсатында халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажеттілігін назарға ала отырып,

алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қарсы күресте бір-біріне қажетті жәрдем көрсетуге талпыныс білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

осы Келісімнің мақсатында төменде аталған терминдер мынадай мағына береді:

"алкогольдік өнім" - Тарап мемлекеттеріндегі стандарттар мен техникалық жағдайларға сәйкес қолданылатын алкогольдік өнімге жататын этил спирті, алкогольдік ішімдіктер.

"алкогольдік өнімнің заңсыз айналымы" - алкогольдік өнімді заңсыз өндіру, сатып алу, сақтау, тасымалдау немесе өткізу, оның ішінде импорттау немесе экспорттау.

2-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өз құзыретінің шегінде өз мемлекеттерінің заңнамалары мен халықаралық шарттарын сақтай отырып, алкогольдік өнімнің заңсыз айналымының алдын алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ алкогольді теріс пайдаланумен байланысты құқық бұзушылықтардан сақтандыру мәселелерінде іс-әрекет жасайтын болады.

3-бап

1. Ынтымақтастық осы Келісімнің шегінде, атап айтқанда, мынадай бағыттарда жүзеге асырылады :

ақпарат алмасу ;

жедел-іздістіру шараларын өткізу туралы сұрау салуды өзара орындау; алкогольдік өнімнің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстардың, оның ішінде сауда маркаларының, сауда белгілерінің және өнім шыққан жердің географиялық атауларын заңсыз пайдаланудың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі үйлестірілген іс-шараларды өткізу;

жұмыс тәжірибелерімен, оның ішінде семинарлар және конференциялар өткізу арқылы алмасу ;

мамандардың тағлымдамадан өтуін ұйымдастыруды қоса алғанда кадрларды дайындауға және біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

бірлескен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;

тиісті нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ оқу, әдістемелік және арнайы әдебиеттермен алмасу ;

заңсыз айналымнан алынған алкогольдік өнімнің сараптамасын жүргізуге жәрдемдесу .

2. Осы Келісім ұстап беру мен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелерін қозғамайды.

4-бап

Тараптар өзара түсіністік негізінде бір-біріне, атап айтқанда, мынадай ақпараттарды ақысыз беретін болады :

алкогольдік өнімнің заңсыз айналымға түсу көздерін анықтау нысандары мен әдістері және оның жолын кесу жөніндегі шаралары туралы;

алкогольдік өнімнің заңсыз өндірілуін және оны есепке алудан жасыруды ұйымдастыру тәсілдерін анықтау туралы;

осы өнімді өткізушілерді анықтау жөніндегі жедел қызметті жүзеге асырудың тактикасы туралы ;

алкогольдік өнімді жалған жасау және оның Тараптар мемлекеттерінің аумағына немесе аумағынан заңсыз өтуі, сондай-ақ акциздік маркілерді қолдан жасаудың

анықталған фактілері немесе оқталу туралы;
алкогольдік өнімді тасымалдау кезінде оны жасыру тәсілдері туралы;
алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қатысты адамдар мен ұйымдар және мұндай өнімнің заңсыз тасымалдануы анықталған бағыттар, оның ішінде шекарааралық бағыттар туралы;
алкогольдік өнімнің заңсыз айналымынан алынған кірістерді заңдастыру (тазарту) немесе болжану жағдайы туралы;
алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қарсы күрестің ұлттық бағдарламасы туралы;
алкогольдік өнімді өндіруге және өткізуге байланысты қызметті лицензиялау және салық салу практикасы туралы;
алкогольдік өнімнің импорты мен экспортын реттейтін Тараптар мемлекеттерінің заңнамалары, алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қарсы күрес және қылмысқа қарсы күрес жүргізудің жалпы жағдайына жағымсыз әсердің алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету практикасы туралы;
мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың және басқа да бірлестіктердің, сондай-ақ осы саладағы жеке адамдардың қызметтерін үйлестіру тәжірибелері туралы;
алкогольдік өнімнің айналымымен байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу нысандары мен әдістері туралы;
алкогольдік өнімнің заңсыз айналымына қарсы күрес проблемаларын ғылыми-зерттеу нәтижелері туралы.

5-бап

Тараптар заңсыз айналымда болған алкогольдік өнімге қатысты бақылауға алынған жеткізулер әдісінің немесе басқа да ұқсас әдістердің өзара қолдану мүмкіншіліктерін өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес қарайтын болады.

6-бап

1. Осы Келісімнің шегінде ынтымақтасу көмек көрсету туралы мүдделі Тараптың сұрау салуларының негізінде немесе мұндай жәрдемдесу басқа Тараптар үшін мүдде білдіретіндігін болжайтын Тараптардың ынтасы бойынша жүзеге асырылады.

2. Жәрдем көрсету туралы сұрау салу жазбаша түрде жіберіледі. Ерекше кідіртуге болмайтын жағдайларда сұрау салулар ауызша берілуі мүмкін, бірақ олар 24 сағаттың ішінде жазбаша түрде, оның ішінде мәтінді беретін техникалық құралдарды пайдалану арқылы расталуы тиіс.

3. Жәрдем көрсету туралы сұрау салу мыналардан тұрады:

- сұрау салушы және сұрау салынған Тараптың құзыретті бөлімшелерінің атауы;
- істің мәнін мазмұндауы;
- сұрау салудың мақсаты мен дәлелдемесі;
- сұрау салынған көмек көрсетудің мазмұнының баяндалуы.

4. Жазбаша түрде берілген немесе расталынған жәрдем көрсету туралы сұрау салуға сұрау салынған құзыретті бөлімнің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды және осы бөлімнің елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

7-бап

1. Егер сұрау салынған Тарап сұрау салу оның мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне зиян келтіретін болса не заңнамаларына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келеді деп ойласа, осы Келісімнің шегінде жәрдем көрсетуден толық немесе жартылай бас тартылады.

2. Сұрау салушы Тарап сұрау салудың орындалуынан толық немесе жартылай бас тартылуы туралы себептер көрсетіліп жазбаша хабарланады.

8-бап

1. Сұрау салынған Тарап сұрау салуды тез және мүмкіндігінше толығырақ орындауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Сұрау салушы Тарап сұрау салудың орындалуына кедергі келтіретін немесе оның орындалуын елеулі кешіктірудің мән-жайлары туралы дереу хабарланады.

2. Сұрау салушы Тарап, оның пікірі бойынша сұрау салуды тиянақты орындау үшін қажетті қосымша мәліметтерді сұратуға құқылы.

3. Егер сұрау салынған Тарап сұрау салудың дереу орындалуы қылмыстық қудалауға немесе оның мемлекетінде жүзеге асырылатын өзге де іске кедергі жасауы мүмкін деп есептесе, ол сұрау салуды орындауын кейінге қалдырады немесе оның орындалуын сұрау салушы Тараппен кеңесулер өткізгеннен кейін қажетті деп белгіленген жағдайлардың сақталуымен байланыстырады. Егер сұрау салушы Тарап оған ұсынған жағдайларда жәрдем көрсетуге келісім берсе, ол осы жағдайларды с а қ т а у ғ а т и і с т і .

4. Сұрау салушы Тараптың өтініші бойынша сұрау салынған Тарап сұрау салудың түсу фактісінің, осы сұрау салудың және ілеспе құжаттардың мазмұнының, сондай-ақ жәрдем көрсету фактісінің құпиялығын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қ а б ы л д а й д ы .

Құпиялығын сақтамай сұрау салуды орындау мүмкін емес жағдайда сұрау салынған Тарап бұл туралы сұрау салушы Тарапқа хабарлайды, ол осындай жағдайда сұрау салуды орындау қажет пе дегенді шешеді.

5. Сұрау салынған Тарап мүмкіндігінше қысқа мерзімде сұрау салудың орындалу нәтижелері туралы сұрау салушы Тарапқа хабар береді.

9-бап

1. Әрбір Тарап басқа Тараптан алынған ақпараттар мен құжаттардың құпиялығын, егер олар жасырын сипатта болса немесе беруші Тарап олардың жария болуын қажетсіз деп санаса қамтамасыз етеді. Мұндай ақпараттар мен құжаттардың жабықтық дәрежесі беруші Тараппен белгіленеді.

2. Сұрау салуды орындау кезінде алынған мәліметтерді берілген Тараптың

келісімінсіз олар алынған немесе берілген өзге де мақсаттарда пайдалану мүмкін емес.

3. Осы Келісімнің негізінде бір Тараптан алынған мәліметтер үшінші Тарапқа беру үшін осы мәліметтерді берген Тараптың алдын ала келісімі талап етіледі.

4. Осы баптың ережелері егер сұрау салынған Тарап мемлекеттерінің заңдарымен мұндай үлгімен жасау міндеті көзделген болса, сұрау салуды орындау нәтижесінде алынған ақпараттар мен құжаттарды пайдалануды немесе жариялауды жоққа шығармайды. Сұрау салушы Тарап мұндай ақпараттар мен құжаттарды пайдалану немесе жариялау мүмкіншілігі және болжамы туралы сұрау салынған Тарапқа алдын ала хабар береді.

10-бап

Тараптар өзара келісім бойынша ынтымақтастықтың тиімділігін үйлестіру мен арттыру мақсаттарында осы Келісімнің негізінде екіжақты және көпжақты кеңесулер мен жұмыс кездесулерін өткізетін болады.

11-бап

Тараптар осы Келісімді орындау кезінде егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілген болмаса болған шығыстарды дербес өтейтін болады.

12-бап

Осы Келісімнің негізінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде орыс тілі пайдаланылады.

13-бап

Ынтымақтастық осы Келісімнің шегіндегі Тараптардың құзыретті бөлімшелері арқылы тікелей жүзеге асырылады. Тараптардың әрқайсысы мұндай бөлімшелердің тізбесін осы Келісімге қол қою немесе оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерін орындағаны туралы хабарламаны немесе осы Келісімге қосылу туралы хабарламаны депозитарийға беру кезінде береді. Тараптар өздерінің тізбелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы осы Келісімнің депозитарийге хабарлайды*

14-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсінуге немесе қолдануға байланысты болған келіспеушіліктерді Тараптар кеңесулер мен келіссөздер арқылы шешеді.

15-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің басқа халықаралық шарттардан шығатын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

16-бап

Осы Келісімнің депозитарийі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі болып табылады.

* Ресей Ішкі Істер министрлігі жағынан шетелдік серіктестермен тікелей байланыс құқығы Министрліктің орталық аппаратының бас басқармаларына, басқармаларына,

Ресей Федерациясы субъектілерінің ПМ-ПББ-ПБ, Ресей ПМ-нің ҰҚБШ және КПБ берілетін болатындығын болжайды.

17-бап

1. Осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін осы Келісім күшіне енеді.

2. Осы Келісім басқа мемлекеттердің ішкі істер министрліктерінің қосылуы үшін ашық. Келісім қосылған ішкі істер министрлігіне қатысты қосылу туралы құжаттарды депозитарий алған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

3. Әрбір Тарап депозитарийға жазбаша хабарлау арқылы, осы Келісімнен шыға алады. Шығу туралы шешім шығу туралы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап алпыс күн өткеннен кейін күшіне енеді.

1999 жылғы 5 маусымда Астана қаласында бір данада орыс тілінде жасалынды. Түпнұсқалық дана Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде сақталады және ол оның куәландырылған көшірмелерін осы Келісімнің басқа да қатысушыларына жібереді.

Ішкі істер министрлігі үшін	Әзірбайжан	Республикасының
Ішкі істер министрлігі үшін	Армения	Республикасының
қауіпсіздік министрлігі үшін	Ішкі істер	және ұлттық
Ішкі істер министрлігі үшін	Беларусь	Республикасының
Ішкі істер министрлігі үшін		Грузияның
Ішкі істер министрлігі үшін	Қазақстан	Республикасының
Ішкі істер министрлігі үшін	Қырғыз	Республикасының
Ішкі істер министрлігі үшін	Молдова	Республикасының
Ішкі істер министрлігі үшін	Ресей	Федерациясының
Ішкі істер министрлігі үшін	Тәжікстан	Республикасының
Ішкі істер министрлігі үшін		Түркменстанның
Ішкі істер министрлігі үшін	Өзбекстан	Республикасының

У к р а и н а н ы ң

Ішкі істер министрлігі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ